

Көкшетау қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылған деп тану туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № А-3/619 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Көкшетау қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е.Маржықпаев

Көкшетау қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 30.03 № А-3/619
қаулысына қосымша

Көкшетау қаласы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № А-1/9 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4611 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 ақпанда "Степной маяк" және "Көкшетау" газеттерінде жарияланған);

2. "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № А-1/9 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Көкшетау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № А- 2/174 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 5264 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 наурызда "Степной маяк" және "Көкшетау" газеттерінде жарияланған).